

12203

5974к



**Арғынбай  
БЕКБОСЫН**

*Б*

*Әрәнилік  
драма*

әрәнилік  
драма

# Арғынбай БЕКБОСЫН

Ж

Әңгілік  
драма

фәнилік  
драма

“Елорда”  
Астана - 2004

ББК 84 Қаз 7-5  
Б 39

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Бекбосын А.**

**Б 39** Фәнилік драма (*рубаяттар*).  
Астана: Елорда, 2004. – 240 бет.

ISBN 9965-06-340-0

Арғынбай Бекбосынның бұл төрттағандар кітабының бірінші дәптері 1998 жылы, екіншісі 2001 жылы “Мың түрлі ой” деген атпен баспадан шығып, оқырмандардың ыстық ықыласына бөленген болатын. Назарларыңызға ұсынылып отырған мына “Фәнилік драма” атты кітапқа бұрынғыларға қоса автордың кейінгі жылдарда жазған үшінші дәптердегі өлеңдері топтастырылған.

Бастауын Шығыс жұлдыздарынан, оның ішінде, әсіресе, Омар һәйям (1048-1131) сынды алыптардан алатын поэзияның жалғыз шумақпен-ақ Өмір атты кереметтің, Дәуір дейтін дәулескердің, олардың ең басты тұлғасы – Адамның жанындағы нендей бір құбылыс-қатпарларды ашып тастайтын қуатты да сиқырлы түрінің қазақ топырағында да орнығуына орасан еңбек сіңіріп жүрген қаламгердің философиялық-лирикалық туындылары татымды да нәрлі, қай-қайсысы да көңіл толқытып, ойға шомдырады. Шыншылдығымен, көркемдігімен тәнті етеді. Қазіргі парасатты оқырманға керегі де осы болса керек...

Б 4702250202-289  
450(05)-04

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-06-340-0

© Бекбосын А., 2004  
© “Елорда”, 2004

## БІРІНШІ ДӘПТЕР

*Өлең толғап, өтер болса өмірің,  
Көркем жазып, судай тассын көңілің!*

**Қожа Ахмет Иассауи.**

- 1 Бөпеге құрсақтағы қонған бүгін,  
Шыбын жан кімнің жаны болған бұрын?  
Тағы да кімге барар сол аманат?..  
Білмейміз... Алла білер, ол мәңгі ұғым...
- 2 – Жап-жассың, әдемісің әдеміден,  
Пейіштің келгендейсің әлемінен!  
Неге ыстық болдым саған?.. Әлде сен, сен..  
Жастықтың ең ақырғы сәлемі ме ең?..
- 3 Күз – өмір еткенменен бізді еріншек,  
Көргенмен жас күндердің іздерін сеп,  
Ұлы һәм ұры сезім азаптайды,  
Оятқан опасы жоқ қыз-келіншек!..
- 4 Қайтадан ел болар ма ек Түркі деген,  
Баяғы бабалардай күркіреген!  
Күштінің күлі күнде көзге түсер,  
Құдай-ай, әлсіздікті кім тілеген?!
- 5 – Тоқтар ма зұлымдықтың өрлегені?  
Айтарсың айқай салып елге нені?..  
– Әлі де ізгіліктің арқасы ғой,  
Қиқулап қияметтің келмегені...

- 6 – Алақтама, антұрған, шен-шекпенге!  
Сәлем берсең – бер тегіс, ең шеттен де..  
Сәлем – сөзі Алланың, сенің емес.  
Ал, Ол пейілін пендеге өлшеткен бе?!
- 7 Адамзат бүйте берсе, оңбас тегі!  
Жауыздық бірге туар жолдас па еді?!.  
Сүрсе, өмір, екі дүние де бір мезгілде,  
Тозақтан қорқып мұндай болмас па еді?
- 8 Болсаң да бір дәуірдің жігіті нар,  
Тасыған мына өмірің түбі тынар.  
Көлеңке түсірмеші кейінгіге,  
Құдайдан олардың да үміті бар.
- 9 Қалдырмай құдай қосар жарға түгін,  
Көп бикеш беріп жатыр жалға түнін.  
Қайдасың сұлу һәм пәк періштедей  
Қыздары анау кезгі Алматының?!
- 10 “Ә” десе-ақ өзімізге ақырыстық,  
Ал жатың ішке кіріп жатыр іс қып.  
“Өзекке тепсең өзің кетпейді” деп,  
Жатыңды жарылқау да – нақұрыстық!
- 11 Жол кесті боз қыраулы күз, белес кеп,  
Тәңір-ау, кеше сәби біз емес пе ек!..  
Кей-кейде елегзисің, көкшалғында  
Жүгірген бір өрімтал қыз елестеп...
- 12 – Жастықтың жалынымен тасу барда,  
Шал-шауқан шамырқанса – ашуланба.  
Басыңды и ақсақалға. Өйткені оның  
Жүйкесі қалған қиын асуларда...

- 13 Шығармай іш күйіктен сыртқа қылау,  
Жетіппін жер ортасы – жұртқа мынау.  
Жарқылдап жүру де жоқ, күлу де жоқ,  
Көңіл пәс, жүрек жара, мұртта қырау...
- 14 Жазғы түн Сондадағы тонады бой,  
Қайтадан өткен күннен оралып ой.  
Көз тігер көктегі Айға жетім көңіл..  
“Не пайда, о да Күннің боданы ғой!”
- 15 – Ей, досым, қайтесің сол аскандікін!..  
Кел үйге, саған бейіл бастан бүтін.  
Шалқиық баяғыдай, уайымдама  
Кетсе де тастап мына аспанды Күн!
- 16 Қалдырып қалжыратқан қала шуын,  
Сағынып саған келдім, Қарасуым!..  
Әй, бірақ, тағы қаңғып кетемін-ау,  
Өмірдің асардай-ақ бар асуын...
- 17 Адалдық мәңгі айнымас, сыйлас деп ем,  
Әділдік жамандыққа қимас деп ем,  
Бәрі де далбаса екен... Енді, неге  
мен бейбақ қиянатқа қиғаш келем?..
- 18 Бір сезім қос жүректе бірге есейіп,  
Есті алды!.. Ұялмашы, тілдесейік?!  
Ұяттан сәл-пәл аттау ауыр боп па,  
Еткеннен іңкәрлікті күнде шейіт?..
- 19 Кісіге кез болса Ажал бұрылысы,  
Бұрылар тұрса да алда тұнып ісі.  
“Сана” атты бір кең Сарай салғым-ақ бар,  
Қорқам, тек, бітпейді-ау деп құрылысы...

- 20 – Қартқа қара, сүйреткен құр сүлдесін,  
Тойынған топ мұңлықтың білсін несін.  
Таяқ емес, таяныш өзің болшы,  
Ол да ата ғой, қарағым... Күрсінбесін.
- 21 Қыз – көздің қашаннан-ақ құрты дейді,  
Қызығар күллі әлемнің жұрты дейді.  
Кім білсін, рас шығар... Бір анығы:  
Қыз біткен Махаббаттай нұр тілейді!
- 22 Болса да бақытсыздық бастан анық,  
Өкисің жанарыңа жас қамалып.  
Бір сәтке бақытты боп көру үшін,  
Бар амал – жасау ма тек масқаралық?..
- 23 – Сіңірдің қара атты да, боз атты да,  
Сыпырдың бұ затты да, о затты да.  
Жолың боп тозақ жаққа барып жатсаң,  
Сең, кәпір, тонайсың-ау тозақты да!
- 24 Қолыңда болсын, мейлі, Жер кіндігі,  
Ашылсын әміріңмен ел түндігі,  
– Қүдірет емес оның бәрі, бәрі,  
Қүдірет – өз ойыңның еркіндігі!
- 25 Алсаң да тас төбеңнен құйып құтты,  
Қалса да патша тағы тиіп тіпті –  
тасыма. Бір шайнамдай миың болса,  
Өлшеме бақ-дәулетпен биіктікті!
- 26 Жүзінші атам аты?.. Түркі аттары  
шығар-ау... Қандай еді тұрпаттары?  
Сымтас боп тұр ғой мұртты баһадүрлер...  
Олар – мен, мен секілді ұрпақтары!

- 27 Сұрасаң қыры-сырын түрлі істердің,  
Адамы алыстағы тұрмысты елдің:  
“Уақытты бос өткізу қылмыс”, – дейді...  
О сұмдық, онда мен де қылмыскермін!
- 28 Мейрімділік жағынан бос түр безбен..  
Жабайы аңға ұқсаймыз тас, қыр кезген.  
Біреуді біреу мүлде жақтырмайды,  
Біреуге біреу карап қасқыр көзбен..
- 29 Деп жүріп “анау менен құрыды, ықты”,  
Дәмету дәлелдеуден ірілікті –  
Жауыздық!.. Жақсылығын жасап кеткен  
шын ірі өлген соң да ірі, мықты!
- 30 Біреуге біреу бірден ұнау барда,  
Бола ма махаббатты бұғаулауға?  
Күнә ма сүйсең жарын басқа адамның?.  
Неге өмір тартады бұл сұрауды алға?
- 31 – О миссис, Сіз перизат секілді еңіз!..  
Оянған сезім-оттың өтінде біз  
сырлассақ-сый екен ол Тәңір берген!..  
Ал бүгін.. Жердің екі бетіндеміз...
- 32 Бұрылып кеттің... Суып қалғандық па?.  
Өзің шеш сені аңсаған арманды ұқ та.  
Сүймесең сүйме... Бірақ, үйретпеші  
жалтартып жанарынды жалғандыққа!
- 33 Қазақтың тарихында сойқан сыз бар,  
Ұлт үшін жүрек түгіл жотаң сыздар..  
– Ей, Алаш! Сыйластықта кара алдымен:  
сыйлай ма Отаныңды отансыздар?

- 34 Пайғамбар о дүниеден келсін мейлі,  
Нақұрыс “өзі сәлем берсін!” дейді...  
Елінің етін жеген есуастар,  
Бүгінде кемеңгерді менсінбейді!
- 35 Сілтеніп балта біткен адалдыққа,  
Қашанда бір шабуыл Адамдыққа!..  
Неліктен біз осылай болдық екен,  
Әлде, біз Тозақ жақта жаралдық па?.
- 36 Таза арым, ештемеге ұялмаймын,  
Ішімде неде болса қиял, қайғым...  
Намыссыз болу әлде керек пе еді?..  
Әйтеуір, көп ортаға сыя алмаймын..
- 37 – О Алла, елімнің бер амандығын,  
Қазақы қалпын қайтар, адамдығын.  
Азаттық желі сөгіп, жұлып кетсін,  
Басқаның жамап берген жамандығын!
- 38 Аңсатса алыстағы ауыл-мекен,  
Ұқсас боп кеткендей-ау қауым бөтен:  
Қарашы алаш, апач егіздей ғой,  
Қаратау, Колорадо бауыр ма екен?..
- 39 “Ол да адам. Тек, басқалау жаратылған..”  
Десек те танбайды әйел қаратудан.  
Өйткені ол өртеу үшін жүректерді  
Алауын Махаббаттың ала туған!
- 40 Үнің де деп тұрғандай “ғажап үнді ұқ”,  
Сөйлесең сөзің қандай наз, әзіл ғып!..  
Көзің де неткен нәркес... Бірақ,... мұзсың,  
Сендегі бардың бәрі – әзәзілдік!

- 41 Деуменен “неге ол мені жақтырмайды?”,  
Бас қатып жүргенде амал таптым жайлы:  
– О байғұс, баяғыда-ақ өліп қалған,  
Әйтпесе, ол жақынын жат қылмайды!..
- 42 – Тұсауын махаббаттың қияр шақтың  
алдында болма, жаным, ұяң, сақ тым.  
Жасашы жаңа қадам... жақындашы...  
Мен болсам, сенен де өткен ұялшақпын!..
- 43 – Түс көрдім. Ол түсімде Сені көрдім.  
Даусыңды жеткізбеді демі желдің...  
Қамықпа, мен өзінде тұрғам жоқ па,  
Сен болсаң, сен соңыма сеніп ердің.
- 44 – Жанымды сар сағыныш – жейді сезім,  
Боркемік боп кеттім бе деймін өзім...  
Кейде, анам, тірілгендей көрінесің,  
Өзімнен ұшқындаса кей мінезің...
- 45 Өмірдің мәні не осы? Түк ұқпадым...  
Жұмысың, күліп-ойнап тыныққаның?  
Өткінші ол!.. Мәңгілік бір мұра жасау?  
Сұмдық қой!.. Қойшы, әзірге ұмыт бәрін!.
- 46 – Мәскеуді Долгорукий орнатқан-ды...  
– Ол рас... бірақ бізден жоқ дақ бар-ды:  
Батумен арғы бабам барып шапса,  
Бауыржан-Көкем менің қорғап қалды!
- 47 Көрмейсің апачтағы бетті бөтен..  
Бұл жерді қашаннан ол етті мекен?  
Ертеде Азиядан бір атамыз  
Атлантты аттап өтіп кетті ме екен?..

- 48 – О Батыс, білімдісің, қуатың мол,  
Сенде көп төрткүл әлем қуатын жол  
Шығыстан шыққандығын өркениет  
ұмытпа. Ендігісін туатын да – ол!
- 49 Сағындым сардаламды. Қайда қыр, ән?!  
Жел жетпес Қордайдағы қайда құнан?!  
Жалықтым Америка жұмағынан,  
Жалықтым жұлдызды ала байрағынан...
- 50 Жалған – от. Жалғандықтан тұтанады үй,  
Дау болса жалған сөзбен ұта ма би...  
Бар сөзің шындық екен, шырақ екен,  
Айналдым әруағыңнан, Мұқағали!
- 51 Қайсыбір сыйламаған халық тілді,  
Жоюға өзін-өзі барып тынды.  
Қазақша сөйлемейтін қазақ көрсем,  
Оллаһи, жиіркенем! Жалықтырды...
- 52 – Көзіңе көз жасынан бұлақ тұнып,  
Бір сырды айтып едің жылап тұрып,  
Мен сені содан кейін сүйіп кеттім...  
Адамды жарқ еткізер бір-ақ қылық!
- 53 Қу тағдыр кейде мәз ғып шуақ күліп,  
Долданып кейде қанша құлатты ұрып!  
Білместен оның осы сайтандығын,  
Өтерміз өлгендікті бір-ақ біліп...
- 54 – Жұмақ қып ек қой ол түн жалғанды шын,  
Япырай, ұмытып-ақ қалғанбысың?!  
“Басқамын”?.. рас, қалқам, рас шығар...  
Онда сен.. жаңа туған арманбысың?..

- 55 – И... иә, сен.. маған мылтық оқтапсың ғой?  
Сыртымнан жүргенің де оттап – шын ғой?!  
Сен итке дос екен деп бірдеңе айтсам, –  
Айт, көне!.. айт!.. Өзімді соқпақсың ғой?!
- 56 – Жан едің ғой, жарығым, жарқылдаған,  
Періштедей қанатын алтындаған!  
Жүзің сынық... жұқарған Ай секілді...  
Кімнің білген, беу, шіркін, парқын ғалам!
- 57 Мен төртте едім соғыс басталғанда,  
Қар емес, қаһар жауған аспаннан да.  
Неге өксік қысады әлі?.. Сол қаһардан  
мұз болып ақпай көзден жас қалған ба?.
- 58 Теберік анам: “Көрсен мүрделерді  
Әруаққа құран оқып жүр” деген-ді.  
Оқимын. Ал Бекбосын – қай төмпешік?..  
Орнатсам орнатамын кімге белгі?..
- 59 – Үһ, Алла!.. Сейілтші түн-түнегіңді,  
Түнегің қысып кетті жүрегімді!  
Бұлтта да жарқылдап жай ойнайды ғой,  
Жіберші маған бір жай – бір еміңді!..
- 60 Өкпелеп насыбайдың атымынаң,  
Жау тауып жаны жақын жақынынан  
жүргенге, о Жасаған, ой бере гөр,  
Опырып бір ойшылдың ақылынан!..
- 61 Адамзат – ақ пен сары, қара – бәрі,  
Тегінде бір отбасы балалары.  
Сондықтан құжатсыз-ақ ұмытпаған,  
Ұлт біткен Адам ата, Хауа ананы!

- 62 Қиянат қиып түсіп қаусаса адам,  
Дейсің бе әділдікті аңсамаған.  
Кім қарсы бас алса да әділ семсер...  
О, бізде... оған дейін қанша заман!..
- 63 Мың кісі кездесе де ұнамаған,  
Кең болғың, кесірге де шыда, балам.  
Өлшесе адамды адам өзіменең,  
Жаралу керек онда бір-ақ адам!
- 64 Біреулер – түү жаралған тұстан бүлік,  
Біреулер – қылығымен құсқан былық.  
Болар ма ек әлдеқашан ойран-ботқа,  
Болмаса, бір қасиет – ұстамдылық!
- 65 Туғанда кім тағдырын алды айыра?!  
Сондықтан кез болсаң да қандайына,  
Өшірме рух отын! Ал ажалды  
жазған жоқ жалғыз сенің маңдайыңа.
- 66 Жастығым атқызғанда ақтөс таңың,  
Жыр жазып одан ләззат, бақ тоспадым.  
Япырмай, елден ұят болмас па екең,  
Алпысты алқымдап ап ат қосқаным?
- 67 Әпенде... Америка, мына халық:  
әдептен жол береді тұра қалып!..  
Ал бізде... әдептіміз әдепсізден  
Жатамыз әжептәуір “сыбаға” алып...
- 68 – Дертімнің болды һәйям сөздері емі,  
Білесің аударғаннан өзге нені?  
– Тараздан сұлу сүйіп мың жыл бұрын,  
Дүниеден өткен Омар... жездем еді...

- 69 Замана өзгерді... Ол түсінікті...  
Ел арып, аз ғана топ ісініпті.  
Сол топтың жастарына жан ашиды,  
Білместен кетер ме деп кісілікті...
- 70 “Ездік!” – деп зұлымдықты байқаған құр –  
Алыстым. Бой бермеді сайтан алғыр!  
Сонымен егескенде қасақана  
Фәниге келсем бе екен қайтадан бір?!
- 71 Күндердің бірі қызық, сарсаң бірі,  
Ал, өмір – сол күндердің ән сандығы.  
Әй, бірақ, оның хоры оңар ма екен,  
Тұрса ән сап аярлардың ансамблі?..
- 72 Өмірдің жібімеді-ау тоңы қалың!..  
Білмеймін тағы несі жолығарын.  
Білмеймін тағы қанша тозағы тұр?..  
Білем тек, бәрінің де соңы барын..
- 73 Соқырдың білу қиын болжап сырын,  
Ал бақыт – соқыр құс қой. Оңбақшы кім?  
Есірді ақкөзденіп не жексұрын,  
Көргені – тек қасірет көп жақсының..
- 74 Қыз мінез ізгілігің былай қалып,  
Біттік қой қараңғы боп, ылайланып!  
– О Алла, бізге өшпейтін жарық керек,  
Жер емес, жүрсінші анау Күн айналып!..
- 75 Тағы да асық көңіл алып ұшсың,  
Жүректі сүйген жүрек тағы құшсын..  
Жарқ еткен жай оты ғой оның бәрі,  
Сен болсаң, о Махаббат, – сағынышсың!

- 76 Бақ қонса, тағдырыңның соры қалып,  
О, онда оңғарылды жолың анық!..  
Әй, бірақ... абай болшы, жүрмеу үшін  
өзіңе бөтен түсті жорып алып...
- 77 Өкпе жоқ: ата-баба алысты үздік.  
Мына біз – рухты алған қарыс сыз ғып!  
Қайдағы қаңғыбасқа бәйек болған,  
Біздегі бір қасірет – намыссыздық!
- 78 Адамды адам етер тегі нелер?..  
Махаббат! Онсыз рух семіп өлер.  
Жерден Күн, Жұлдыздан Ай жаса мейлің,  
Махаббат – ең бірегей, ең ұлы өнер!
- 79 Адамның, мейлі, елден ерегіне,  
Ел болып елпендеудің керегі не?  
Пенде ғой ол да өзіндей. Ал аярдың  
жалпаңы – сатулы. Сол себебі де.
- 80 Тығылмай қуысына сай, тасаның,  
Жекпе-жек шықсын – шыдар қай қасабың?!  
Бұ дүние тарлық етсе, о Зұлымдық,  
Бәрібір о дүниеде шайқасамын!
- 81 Бұл сөзім – жылау да емес, күлкі де емес:  
болады-ау қайта келмес бұл түн елес...  
Қимасым, сен өзіме айналсаң ғой!..  
О Тәңір, енді қайттім?!. мүмкін емес...
- 82 Мақтасақ ұлыны да “Ұлы” дейміз,  
Ақтасақ ұрыны да “Ұлы” дейміз,  
Шын ұлы ұнатар ма ұлықтауды?..  
Қашан бәрін құдайдың құлы дейміз?

- 83 Іс қылса жамандыққа ұрындырар,  
“Ұяттан өлдім!” дейтін бұрынғылар.  
Маскүнем, қаскүнемдер... бәрі де жүр...  
Ұяттан неге өлмейді бүгін бұлар?
- 84 – Осы еді туысқанда жөнді неме,  
Білмеймін безді бізден енді неге?  
– Бастыққа туысқан – тек, үлкен бастық.  
Ұқтың ба?.. Ұқсаң, байғұс, елжіреме!
- 85 Тұрса да уақыт бізді тонағалы,  
Қимаймыз деп босқа ол жоғалады.  
Уақытты ұзартатын азап қана,  
Рахатта ол қас-қағым бола алады.
- 86 Емеспін асып туған асыл берең,  
Сондықтан күнәмды да жасыр демен.  
Жақпады-ау бір сөзім де... Керек пе әлде  
ойлауым сенің жарым ес басынменен?..
- 87 Аңыз боп алаңдатқан елді бөтен,  
Ғарыштық ете ме бір Жерді мекен?  
Әйтпесе, Әзірейілдің өмірімен  
От мініп о дүниеден келді ме екен?..
- 88 Деп жүрсек: “бізді аспаннан жау ала ма”,  
Тарапты ақымақтық ауаға да.  
Ұрпағын көру үшін қайта келсе,  
Тұншығып қайта өлер-ау Хауа ана да!
- 89 Тірлікте тап болса да қалың қайғы,  
Деу бекер: өзі-өзінен бағым тайды.  
Уақыт зая кетсе – жендетің сол,  
Ал босқа өтпесе ол – жарылқайды!

- 90 Қара көз, әппақ жүзді бір құралай,  
Жарқ етті шашқандай-ақ мың Күн арай.  
Дүние жайнап кетті!.. Әттең сол сәт  
өзіме, тек, өз күзім тұрды ұнамай...
- 91 – Тұр, көне!.. Тікеңнен тік тұрып тыңда:  
Мына шал – сен үшін ең ұлық тұлға!  
Басыңды и басыңды бас еткен жанға!..  
Сен, найсап, кешегіңді ұмыттың ба?!.
- 92 – Кешір, қалқам, өзіңе көп қарадым,  
Қарап алып біртүрлі боп барамын..  
Қоңыр күзде көктемді аңсаттың-ау!..  
Бұдан басқа айтарым... жоқ, қарағым...
- 93 Қаншама десек те біз “жанбыз адал”,  
Қаншама кейінгіге қалды залал!  
Телегей теңізінде зұлымдықтың,  
Махаббат – ізгілікті жалғыз арал!
- 94 “Саясат?.. Түрме ме ол ой қамайтын?..  
Мүмкін, ол ойын шығар ойнамайтын?..”  
Деп жүрсем – арсыз арбау, қулық екен,  
Бір емес мың құрығың бойламайтын.
- 95 “Көріме ертең мүмкін құлай кетем?..”  
Деп бабам бір күн өтсе жылайды екен.  
Біз байғұс бір күн өтсе қуанамыз,  
Кім құнын қуаныштың сұрайды екен?
- 96 Мойынға “қу тіршілік” дейтінді іліп,  
Жүргенің кей күн жылап, кей күн күліп.  
Жетпесе жетпейтіні құрып қалсың,  
Жетсе екен адамға тек, мейірімділік!

- 97 Бақ берсе кенет тағдыр баста сараң,  
Қалайша бола қалар басқаша адам?..  
Жасайды өмiр бойы өз бейнесiн,  
Өркiм-ақ мүсiншiдей тас қашаған.
- 98 Жатарда жанарыңды жұмып талған,  
Күтесiң, пендесiң ғой, үмiт таңнан..  
Ал таңда көретiнiң – тағы тозақ..  
Әлде бұл.. бiр Алланы ұмытқаннан?..
- 99 Бұл өмiр татыр кiмнiң таңдайына?..  
Түсiнбей сансырадым мән-жайына.  
Шiркiн-ай, бiреу оқып берер ме едi,  
Жазылған жазуларды маңдайыма!..
- 100 – Ей, Дүние! Кiсәпiрсiң... бiрақ, тында:  
Арқама қорлығыңды құлат, тынба!..  
Әйтпесе, тәттiнi еш татпаған мең,  
Дәм-тұзын жақтырмаспын жұмақтың да!
- 101 – Қу нәпсi бiр лап етер жалын ғана!..  
Мен риза! Қолқамды ендi қабылдама.  
Құлпыңды ашпа, қалқам, ашылмайтын  
мен тұрмақ Абыл менен Қабылға да!..
- 102 Ажалға көңiл онша соқпағанмен,  
Бiр суып, бiр ысыған тоқталар дем..  
Мәңгiлiк қазағыма қарап тұрар  
бiр жұлдыз Құс жолында боп қалар ма ем!
- 103 Малданып жағдайының жатықтығың,  
Дейдi екен бiр жарымес: “бақыттымын!”  
Бақ, сорды бағамдайтын Уақыт қой,  
Қолбала еттi, қане, Уақытты кiм?!

- 104 Тұмшалап айналаны қанша ақ тұман,  
Еңкейіп еңсе, әбден шаршапты жан!..  
Содан ба, ой-санаға жарық берер  
Кісінің кездескенін аңсап тұрам...
- 105 Сағынып сенің жібек мінезіңді,  
Жүрегім бір алаулап, бір езілді..  
Ештеңе өзгертуге дәрмен жоқтан,  
Бір күнде мың жерлеймін мына өзімді!..
- 106 Бірер сәт тұңғыықтан жасқанды ма?..  
Жарқ етті бота көзден жас тамды да!..  
Жұпар иіс, жұмсақ арай, жұмбақ елес...  
О Тәңір, бұл не?.. Жұмақ басталды ма?!
- 107 Бар шындық қирап жалған – қайрандарда,  
Бет – бетон, жүрек тасқа айналғанда  
жылытады өлі жанды өлең ғана!..  
О Алла, басқа үйретер айлаң бар ма?..
- 108 Өзекке өмір қанша тепкенменен,  
Жасық боп, жарымес боп кеткен де емен.  
Сынбасам – онда, асылым, саған деген  
Сағыныш мені құрыш еткен дер ем!
- 109 Бергенменен көп сырдың дерегі елес,  
Тар санаға бұл ғалам бере ме дес?  
Жалқау ойға жақпайды-ау, бір-ақ шындық:  
Кеңістікке кереге керек емес!
- 110 – Ей, кәззәп, жұрттың қандай кінәсы бар?!  
Жасаған жауыздығың түбі ашылар!  
Тек, әттең, ыржалақтап Ұятсыздық,  
Намыстың көрінбей тұр түрі асығар...

- 111 Сағындым-ау сал дәурен шуақты үнін!..  
Көк мұнарды, көп мұнды сұрапты кім...  
Тым болмаса, о Тәңір, бәрін ал да,  
Жастығымның қайтаршы бір-ақ күнін!..
- 112 Бәрібір бұлқынғанмен бұқтың ығып,  
Бәрібір бас июді шықтың ұғып...  
Неліктен заты залым заманыңның,  
Қояды еле-өлгенше тұтқыны ғып?
- 113 Жиһан кез, шыққын, мейлі, бар шығанға,  
Бәрібір ол елестер жан шығарда!  
Туған жер... Оған мәңгі таңған сиқыр –  
Кіндіктен алғаш аққан тамшы қан ба?
- 114 Ананы ардақтап кім не демейді,  
Жарасар оған Күнді теңе, мейлі,..  
Ананың ұлылығы тағы сонда –  
Өзінің ұлылығын елемейді!..
- 115 Ғылымда еш жаңалық тез келмейді,  
Тез келсе “өзге өлшем, өзге ен” дейді.  
Ал ақын айтқан шындық мәңгі қалар,  
Өйткені Адам жаны өзгермейді!
- 116 – Жұпар демің... көкейді күлкің кескен..  
Қалғып кетті Ай, жапырақ сілкінбестен..  
Көз қысып тұр жұлдыздар жеңеше боп,  
Ете гөрші кетпестей бұл түнді естен!..
- 117 Көрге алып кетсін дей ме ғашықтығың,  
Байлайды неге Тәңір ғашық тілін?  
Лөпілдеп жүрек тағы үнсіз қалдың...  
Ғашықтық па?.. Жоқ, әлде жасықтығың?..

- 118 Арман көп алдамшы боп жолда қалған..  
Арманға жеттім десең – ол да жалған.  
Бірінен-бірі туып тамырласар,  
Ешқашан орындалмас ордалы арман!
- 119 Тұрсам да ерінімді тақап-ақ тым,  
Қана алмай ол көусардан қаталаппын.  
Сахара, Гоби де емес, Нарын да емес,  
Ұлы шөл – шөлі екен ғой махаббаттың!
- 120 Ұсқынын көріп мына тіршіліктің,  
Несіне күйзелесің түршігіп тым?  
“Аязым, әліңді біл..” Шүкірлік ет:  
денің сау, түтін түзу, тұр шығып Күн..
- 121 Телісең күнәсының бәрін арға,  
Еркекте ары бар жан табылар ма?  
Кім білсің, байғұстарға гүл қуалар  
бір әдет көбелектен дарыған ба...
- 122 Жоқшылық мәңгіртіп-ақ тұр-ау мына:  
демейміз “мынау сауап, мынау күнә”.  
Көшкелі күлкі еріннен қанша заман..  
О ғажап, ұмытыппыз жылауды да!..
- 123 Бұл не өзі?! Істі сөзге сатқандық па?  
Мұра ғып тек сөзді біз ап қалдық па?  
Қайда да қаптаған сөз... әлде бұрын  
аузымыз буулы боп жатқандық па?..
- 124 Жыл санауды жырымдап топтапты адам!.  
Уақыт мәңгі, онда жоқ соқпақ тәмам.  
Иса туды екен деп Алла тағала,  
Жер-жаһанның жүрісін тоқтатпаған!

- 125 Ақылдан талай дүлдүл шиырлаған,  
Бір пұшпақ неге бiзге бұйырмаған?..  
Санаға мәңгi сәуле шашып тұрар  
Ой тапсам?.. Әй, бiрақ, бұл қиын маған..
- 126 Зұлымдық айналғанда iрi күшке,  
Iзгiлiк қалады екен iрiп iште.  
Сұмдардың су бүркетiн қолтығына,  
Әлi де сол баяғы Iбiлiс пе?..
- 127 Бар ма едi ел тiлеуiн тiлескенiң?..  
Ғарiпке ризықты үлескенiң?..  
Күнi ғой көкiректiң мейiрiмдiлiк,  
Жүрмейiк бiлмей қалып Күн өшкенiн..
- 128 – Өрсiң сен! Қарамаса кiм әлiне,  
Ешқашан бара алмайды тым әрiге.  
– Намыс оң, өрлiк емес!.. Ал, өр болсам,  
Мен туған Алатау да кiнәлi ме?..
- 129 Мысығы мына заман қалталының,  
Жұртының жұлған жұлын, қан тамырын.  
Кiм қалды бетке ұстар? Саудагер ме?!.  
Парақор алаяқ па?! Ал тағы кiм?..
- 130 Кешкем жоқ мына өмiрдi мұз-бетпенен,  
Қызықсыз қыс, жаз, көктем, күз де өтпеген.  
Әйтсе де... бiр жұмбақ жан жолығардай,  
Әлi де әлдекiмдi iздеп келем...
- 131 “Дос барда жалғызсырап тоңбаймын да...”  
Деушi едiм... қайда олар?.. Сол – қайғым да.  
Тәңiр-ау, тәж-тақ достан айыратын  
мен патша емеспiн ғой! Болмаймын да!

- 132 – Сен үшін мына ғалам сілкінді ме?..  
Күл етті күңіретіп күлкінді не?..  
Қайтесің қапа болып, сергі, серім,  
Ертең-ақ сағынасың бұл күнді де!..
- 133 Барғанда бабалардың тұрағына,  
Қосылып мінажат пен құраныма  
Кеткендей бәрі сөйлеп дабырласып...  
Кіл таныс үн келеді құлағыма.
- 134 Жиырма ғасыр шаттық, қасіретпен,  
Таразда талай тарлаң, асыл өткен!  
Қосылып кеткен мына топыраққа,  
Арулар һәйямдарды ғашық еткен...
- 135 Өткенге айтып қайтем бүгін өкпе,  
Жаратқан бірбеткей ғып күдірет те...  
Дарынсыз екенім де айдан анық:  
өтірік күле алмаппын бір рет те!
- 136 Қыңқ етсең бітім емес, кекті іздеген,  
Қаншалар тозақылық кетті ізбенен!  
Ал сұмдар не болады ұлт-ұлыстың,  
Өз қолын өз аузына жеткізбеген?
- 137 Қашанда қарсы алатын қары, селі  
Өмірдің кайда дауа дәрісі, емі?  
Итшілеп әлі келем, әлі келем...  
Бар болса – бақыт неткен алыс еді...
- 138 Көшетін көз алдымнан бұрын әркім,  
Сен болсаң, о тұнығым, тұрып алдың.  
Не сыр бар?.. Сорым шығар, бір күндері,  
Қайтейін, тағы тым кеш ұғынармын...

- 139 Аркаға артылған соң жүгі нардың,  
Құлдары құм болған ба бүгін Ардың?..  
Ал бұрын заман жүгін көтерместен,  
Ешбірі өткен емес ұлылардың!
- 140 Жабылып жан-жүрекке уды күйған,  
Кім екен кілең мына сұмды жиған?!  
Амал не, көндім... мен де құрбандығы –  
Қан-жоса шайқасының қулық, иман..
- 141 Бір тың ой тапсам деумен, әй, қалай біз  
қатқанын бас байғұстың байқамаймыз?  
Шымшықтай ғана шындық шаршатыпты:  
“Ескірген ескіні тек қайталаймыз!”
- 142 – Сан жүректен жыр менен сырды арбаған,  
Сен-жаһұтсың! Тек, әлі қырланбаған  
Кез боп зергер – махаббат, нұрың шашсаң,  
Ең бақытты – сол нұрдан құр қалмаған!..
- 143 Көмескі көкжиектен Күн аунаған  
шақта қар жауды жұмсақ қылаулаған.  
Көктем де таласа тіл қатып жатыр,  
Тырна боп бір қиырда тыраулаған..
- 144 Бұл түннің сұлу сұңқар – әні де бар,  
Бұл түннің қанды қанжар – зәрі де бар,  
Ләззаттың ыңырсуы... өшкен өмір..  
Бұл түнде... ой, дүние-ай, бәрі де бар!..
- 145 Алдына келіп сирек мәлім іс бір,  
Айыр тіл арам пиғыл – бәрі де үшкір –  
қадалса қиянатпен қос өкпеден,  
Ең жақсы патшаның да халі мүшкіл!..